

## **«Көлік колледжі» КМҚК жалпы білім беру пәндерінің оқытушыларына жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілікті арттыру сертификаттарын тапсыру**

2021 жылғы 31 тамызда «Көлік колледжі» КМҚК педагогикалық кеңесінде жалпы білім беру пәндерінің 21 оқытушысына «Орта білім берудің жаңартылған мазмұны» бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өту сертификаттары берілді.

Барлық оқытушылар осы процеске дайын болуы үшін Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі бәсекеге қабілетті болуы тиіс. Осы мақсатта Қазақстан Республикасында орта білім берудің жаңа бағдарламасы әзірленді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ-мен және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-мен бірлесіп, 2021 жылғы 19 сәуірде Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының жұмысын бастады.

Мұндай курстар оқытушыларға бір ортақ іс жасауға көмектеседі-әдістемелік және дәйекті түрде студенттерге зерттеу қызығушылығы мен дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Курстар Zoom бағдарламасында он-лайн өткізілді, жұмыс топтарда да жүргізілді, өйткені топтық жұмыс түрі, топтағы өзара әрекеттесу, қарым – қатынас, диалог-оқытуда үлкен рөл атқарады.

